

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2022 жылғы «___» _____
№ ___ бұйрығымен
бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



Қорғаныс министрлігінің
әскери регламенті

ҚМ ҰСТ 032-001-2022

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ЖӘНЕ
ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ
ӨТКЕРГЕН САРБАЗДАРДЫ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ**

Ресми басылым

Астана
2022

Алғы сөз

1. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Жауынгерлік даярлық департаменті» ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ.

**2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 20__ жылғы _____
№ _____ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3. Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери регламентінде «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығының, «Тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығының нормалары іске асырылған.

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2027 жыл
5 жыл**

Мазмұны

1. Қолдану саласы	1
2. Нормативтік сілтемелер	1
3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	1
4. Жалпы ережелер	3
5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және әскери оқу орындарында тегін білім алу үшін әскери қызмет өткерген азаматтарды іріктеу тәртібі	4
6. Әскери қызметшілердің тегін білім алу конкурсына қатысу тәртібі	7
7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендету	7
А қосымшасы Бір айдағы ағымдағы бағалар	9
Бір жылдағы ағымдағы бағалар	
Жауынгерлік даярлық үшін қорытынды рейтингі	
Б қосымшасы Қорытынды рейтингі	10
В қосымшасы Әскери қызметшінің қорытынды рейтингісі	11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘСКЕРИ РЕГЛАМЕНТІ

ӘСКЕРИ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ӨТКЕРГЕН САРБАЗДАРДЫ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

Енгізу күні 2023-01-01

1. Қолдану саласы

Осы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери регламенті (бұдан әрі – әскери регламент) ұйымның мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарға ҚР-ның ЖОО-ға оқуға түсу үшін ұсыным беру тәртібін айқындайтын әскери қызмет беделін арттыру (ҚР ҚК-да, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру) жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға қолданылады.

Тиісті ұсыным Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлықта жоғары нәтижеге қол жеткізген, қажетті білім деңгейі бар, үлгілі әскери тәртіпті көрсеткен анағұрлым лайықты әскери қызметшілерге беріледі.

Әскери регламент Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жүйесінде мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілері арасында іріктеуді ұйымдастыру, жүргізу, кезеңділігі, мерзімі, санаты, өткізу тәртібін белгілейді.

Осы әскери регламент ережелері Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде құрамалар мен бөлімдерге қолданылуға тиіс.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы әскери регламентті қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

«Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидалары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығы.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығы.

3. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы әскери регламентте тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылған:

3.1. Жауынгерлік дағдылар: Әскерлердің жауынгерлік даярлық деңгейінің маңызды көрсеткіші, ол әскери қызметшілердің кәсіби білімі, іскерлігі, дағдылары, қасиеттері мен бөлімшенің, әскери бөлімнің (корабльдің) жалпы үйлесімдігі деңгейінің жиынтығын білдіреді. Қалыптасқан дағдылар сипаты бойынша далалық, әуедегі, теңіздегі дағдылар болып бөлінеді;

3.2. Жауынгерлік даярлық: Қарулы Күштерді негізгі даярлаудың бір түрі, ол әскери қызметшілерді үйретудің, бөлімшелерді, әскери бөлімдерді мен олардың әскери басқару

органдарын арналуына сәйкес міндеттерді орындауы үшін даярлаудың (үйлестірудің) мақсатты, жүйеленген процесін қамтиды.

Жауынгерлік даярлық командирлер (бастықтар), әскери басқару органдары және әскер (күштер) күнделікті қызметінің негізгі мәні болып табылады және мемлекеттің өзіне жүктелген міндеттерді табысты орындауға қабілетті дарланған әскери қызметшілерге, бөлімшелер мен әскери бөлімдерге қажеттілігіне негізделген;

3.3. Қорытынды тексеру: Оқу жылының (оқудың) соңында жүргізілетін жауынгерлік әзірліктің негізгі элементтері, оқытып-үйрету пәні және күнделікті қызмет мәселелері бойынша тексеру;

3.4. Қорытынды рейтингі: Нәтиже ағымдағы рейтингіден, қорытынды және бақылау тексеру нәтижесінен шығарылады;

3.5 Бақылап тексеру: Оқу кезеңінің соңында жүргізілетін жауынгерлік даярлықтың негізгі элементтері, оқыту пәні және күнделікті қызмет мәселелері бойынша тексеру;

3.6. Оқу пәндері: Әскери қызметшілер, бөлімшелер, әскери бөлімдер (корабльдер) және олардың әскери басқару органдары орындайтын міндеттер, тәсілдер, нормативтер жиынтығы;

3.7. Жауынгерлік (командирлік) даярлық бағдарламасы: Әскерді (күштерді) жауынгерлік даярлау жүйесі шеңберінде жасалған жауынгерлік (командирлік) даярлық пәні бойынша міндетті түрде меңгеруге, оларды әрбір пән бойынша оқыту міндеттерін ашатын тақырыптарға, бөлімдер мен оқу кезеңіне бөлу үшін арналған білім, іскерлік пен дағдылар мазмұны мен мөлшерін айқындайтын, басқа пәндерді оқытумен сабақтастық орнататын, анағұрлым маңызды әдістер мен ұйымдастырушылық нысандарын тізбелейтін материалды зерттеу реттілігін сипаттайтын құжат. Жауынгерлік (командирлік) даярлық бағдарламасында айқындалатын оқыту мәнін нақтылау оқулықтарда, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтарда жүргізіледі;

3.8. Арнайы міндеттер: Әскери қызметшілер тәуліктік және гарнизондық нарядта жауынгерлік кезекшілікте (жауынгерлік қызметте) болған кезде, сондай-ақ зілзала және басқа да төтенше жағдай салдарын жою кезінде орындайтын міндеттер;

3.9. Ағымдағы бағалар: Әскери қызметшіге оқу процесінде жауынгерлік даярлық пәндері бойынша сабақ нәтижесі бойынша қойылатын бағалар;

3.10. Ағымдағы рейтингі: Әскери қызметшінің зерттелетін пәндер бойынша ағымдағы бағадан ай сайын шығарылатын үлгерімі нәтижесі.

Осы әскери регламентте мынадай қысқартулар қабылданды:

БҚ – бейімделу қабілеті;

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері;

ӘПББ – Әскери полиция бас басқармасы;

ЖДД – Жауынгерлік даярлық департаменті;

ТИЖД – Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті;

ӘБҒД – Әскери білім және ғылым департаменті;

КБ – Кадрлар департаменті;

ҰЖЖД – Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті;

ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тестілеу;

ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

НҚА – нормативтік құқықтық актілер;

ЖПТ – нервтік-психикалық тұрақтылық;

ҚР ҰҚО – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары.

4. Жалпы ережелер

4.1. Жалпы орта білім аттестаты не техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі туралы құжаты бар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген барлық азаматтарға мерзімді әскери қызмет өткеруді аяқталғаннан кейін екі жыл кезеңде мынадай жеңілдік беріледі:

1) күнтізбелік бір жыл ішінде ақылы негізде ҰБТ-ны ескермей, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсу;

2) ЖОО-ның әскери кафедраларына оқуға түсу емтихандарынсыз, гранттық негізде, егер азамат ҚР ЖОО-да оқып жатса, оның ақылы немесе тегін білім алуына қарамастан оқуға түсу.

4.2. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген, жауынгерлік даярлық және әскери тәртіп бойынша жоғары нәтиже көрсеткен, жалпы орта білім аттестаты не техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім туралы құжаты бар азаматтарға мерзімді әскери қызмет өткеруді аяқтағаннан кейін екі жыл кезеңде мынадай жеңілдік беріледі:

1) ҚР ҚМ әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларында көрсетілген кезеңде ҚР ҚМ-ның әскери оқу орындарына оқуға түсу емтихандарынсыз оқуға түсу;

2) ҚР-ның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ҰБТ-ны ескермей, ЖОО есебінен оқуға түсу.

4.3. Осы әскери регламенттің 4.1-тармағында көрсетілген жеңілдікті алу үшін ниет білдірген және мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген адамдарға:

1) жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға түсу үшін ЖОО-ға құжаттар топтамасын ұсыну және әңгімелесу үшін келу қажет.

Құжаттар тізбесіне мыналар кіреді:

жеке куәлік көшірмесі;

білімі туралы құжаттың көшірмесі;

әскери қызмет өткергені туралы анықтама;

әскери билет көшірмесі;

086-анықтама (медициналық куәландыру).

Егер азамат білім алу үшін шығармашылық емтихан тапсыру көзделген мамандықты таңдаған жағдайда азамат шығармашылық емтиханды тапсырады;

2) әскери кафедраға қабылдану үшін жоғары оқу орнында білім алушы оқудың бірінші курсынан кейін ректордың атына іріктеу комиссиясының жұмысы кезеңде өтініш береді және белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) бекітілген ҚР ҚК-да әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережеге сәйкес медициналық куәландырудан өтеді. Медициналық комиссиядан өткеннен кейін әскери кафедраға тегін негізде қабылданады.

4.4. Осы әскери регламенттің 4.2.-тармағында көрсетілген жеңілдікті алу үшін ниет білдірген және мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген адамдарға:

1) әскери оқу орнына оқуға түсу үшін оқуға қабылдау жылының 30 сәуіріне дейінгі мерзімде тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органының басшысы атына өтінішпен жүгіну қажет.

Жергілікті әскери басқару органының басшысы «Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР Заңына сәйкес арнайы тексеру бойынша жұмысты және Әскери-дәрігерлік

сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өтуді ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды азаматтар әскери институтқа құжаттарды тапсыру және оқуға қабылдау жылының 15 шілдесінен бастап 20 шілдесін қоса алғанда, соңғы медициналық куәландырудан өту үшін келеді;

2) ЖОО есебінен жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін азамат құжаттар топтамасын ұсынады және әңгімелесу үшін келеді.

Құжаттар тізбесіне мыналар кіреді:

- 1) жеке куәлік көшірмесі;
- 2) білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) әскери қызмет өткергені туралы анықтама;
- 4) әскери билет көшірмесі;
- 5) 086-анықтама (медициналық куәландыру);
- 6) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің оқуға түсуге ұсынымы.

Егер азамат білім алу үшін шығармашылық емтихан тапсыру көзделген мамандықты таңдаған жағдайда азамат шығармашылық емтиханды тапсырады.

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында және әскери оқу орындарында тегін білім алу үшін әскери қызмет өткерген азаматтарды іріктеу тәртібі

5.1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген, жауынгерлік даярлықта, жүктелген міндеттерді орындауда жоғары нәтижеге қол жеткізген және үлгілі әскери тәртіпті көрсеткен әскери қызметшілерге ЖОО есебінен білім алу үшін ұсыным беріледі.

5.2. Ұсынымның болуы азаматтардың шәкіртақы алмай белгілі бір мамандық бойынша белгілі бір ЖОО-да тегін білім алуына кепіл болып табылады.

5.3. Ұсыным әскери бөлім командирлері ұсынған әскери қызметшілердің бағалау көрсеткішін қарау нәтижесі бойынша беріледі.

5.4. Ұсыным алуға кандидаттарды іріктеу мынадай критерийлер бойынша әскери қызметшіні бағалау көрсеткішіне сәйкес жүргізіледі:

- 1) жауынгерлік даярлық бағдарламасын меңгеру деңгейі;
- 2) жеке тәртібі;
- 3) тәуліктік нарядта қызмет өткеру барысында арнайы міндеттерді толық орындауы;
- 4) психологиялық жай-күйін бағалау.

5.5. Жауынгерлік даярлық бағдарламасын меңгеру деңгейі ай сайын жауынгерлік даярлық пәні бойынша ағымдағы бағалау және бақылап және қорытынды тексеру барысында алынған баға нәтижесі бойынша айқындалады.

Әскери қызметшінің жауынгерлік даярлықтың барлық пәні бойынша ағымдағы бағалау рейтингісі ай сайын шығарылады (есепке алу взводтың жауынгерлік даярлығын есепке алу журналында жүргізіледі).

Бұл ретте мамандық бойынша даярлау және бөлімшелердің шоғырлануы барлық оқу пәні бойынша ай сайынғы бағалауды қосу және оларды пәндер санына бөлу арқылы бағаланады.

Ағымдағы рейтингі оқу кезеңінің соңында әрбір айдағы орташа балды қосу және оларды оқу айының санына бөлу арқылы есептеледі.

Қорытынды (бақылап) тексеру барысында алынған бағалау рейтингісі тексеруге шығарылған пәндер бойынша сынақ бағасынан айқындалады.

Барлық тапсырылған пәндер бойынша алынған бағадан орташа арифметикалық мәнді шығару арқылы есептеледі.

Әскери қызметшінің жауынгерлік даярлық бағдарламасын меңгеру деңгейі үшін қорытынды рейтингі ағымдағы рейтингіні (A_p) және бақылап тексеру ($B_{тр}$) мен қорытынды тексерудің ($Қ_{тр}$) орташа есептелген бағасының нәтижесін қосу арқылы есептеледі.

$$ҚБ = A_p + B_{тр} + Қ_{тр},$$

мұнда ҚБ – жауынгерлік даярлық бағдарламасын меңгеру деңгейі үшін қорытынды балл.

5.6. Жеке тәртіпті бағалау 5 балдық шәкіл бойынша айқындалады:

5 балл – мерзімді қызмет әскери қызметшісінде тәртіптік жаза жоқ, көтермелеуі бар, оған командир оң мінездеме береді, бөлімшенің қоғамдық өміріне белсенді қатысады;

4 балл – мерзімді қызмет әскери қызметшісінде тәртіптік жазасы жоқ және бөлімшенің қоғамдық өміріне белсенді қатысады;

3 балл – мерзімді қызмет әскери қызметшісінде тәртіптік жаза жоқ;

2 балл – мерзімді қызмет әскери қызметшісі қызмет өткеру барысында бір рет елеусіз тәртіптік теріс қылық жасады, оған командир оң мінездеме береді және бөлімшенің қоғамдық өміріне белсенді қатысады;

1 балл – мерзімді қызмет әскери қызметшісі қызмет өткеру барысында бірнеше рет елеусіз тәртіптік теріс қылық жасаған және бірнеше рет тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Әскери қызметшілердің жеке тәртібін бағалау жауынгерлік даярлық бағдарламаларын меңгеру деңгейін қорытындылауға ұқсас шығарылады.

5.7. Тәуліктік нарядта қызмет өткеру барысында арнайы міндеттерді толық орындау мынадай көрсеткіштер негізге ылынып, 5 балдық шәкіл бойынша бағаланады:

5 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет өткеру кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеруде бұзушылық болмаған және қызмет өткеруде оқиғаға (кіру, өрт шығу, қаруды ұрлау және т.б.) жол бермеген кезде;

4 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде бұзушылық болмаған кезде;

3 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде 3-тен аспайтын елеусіз бұзушылық болған кезде (әскери киім нысанын кию қағидаларын бұзу, міндеттерін білмеу, смартфон пайдалану және т.б.);

2 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде 4 және одан да көп елеусіз бұзушылық болған кезде (әскери киім нысанын кию қағидаларын бұзу, міндеттерін білмеу, смартфон пайдалану және т.б.);

1 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде елеулі бұзушылық болған кезде (бөлімді өз бетімен тастап кету, әскери мүлікті ұрлау, қауіпсіздік шараларын бұзу (зардап шеккен адамдарсыз), ұйықтап қалу, қызмет өткеру орнын қалдырып кету);

0 балл – әскери қызметшіде барлық қызмет кезеңінде тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде елеулі бұзушылық болған кезде (ауыр салдарға әкелген қауіпсіздік шараларын бұзу, диверсанттардың шартты миналаумен кіруіне жол беру, өзара қарым-қатынастың жарғылық қағидаларын бұзу, алкогольдік немесе өзге де масаң күйде болу, қару мен оқ-дәріні ұрлау).

Әскери қызметшілердің жеке тәртібін бағалау жауынгерлік даярлық бағдарламасын меңгеру деңгейін қорытындылауға ұқсас шығарылады.

5.8. Психологиялық жай-күйді бағалау мынадай көрсеткіштерге сүйене отырып, 5 балдық шәкіл бойынша бағаланады:

Әскери бөлімдердің психологтары соңғы психологиялық зерттеу нәтижесін қорытынды (бақылау) тексеру жүргізілген кезде береді:

5 балл – жүйке-психикалық тұрақтылықтың (бұдан әрі – ЖПТ) және бейімделу қабілетінің (бұдан әрі – БҚ) жоғары деңгейі;

3 балл – ЖПТ мен БҚ-ның орташа деңгейі;

2 балл – ЖПТ мен БҚ-ның төмен деңгейі;

1 балл – әскери қызметші 3 айдан астам динамикалық бақылау тобында болған кезде.

5.9. Взвод командирі взводта (топта, есептопта) жауынгерлік даярлықтың, құқық бұзушылық пен тәртіптік теріс қылықтың есебін жүргізеді. Рота командирі апта сайын жауынгерлік даярлықтың, әскери тәртіп пен ішкі тәртіптің жай-күйіне қорытынды жасайды.

Әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері ай сайын мерзімді қызметтің әрбір әскери қызметшісіне жеке рейтинг жасайды. Рейтинг жинақтау жүйесі бойынша бөлімшелер аумағында жалпыға көрінетін орындарда ілінеді және тоқсан сайын әскери басқару органдарының (ӨңҚ, әскер тектері, ҚК түрлері) (А қосымшасы) мекенжайына жолданады.

Әскери қызметші басқа әскери бөлімге ауыстырылған жағдайда онымен бірге оның жеке рейтингісінен үзінді жолданады.

Ағымдағы рейтингіге жауынгерлік даярлықтың барлық пәндері бойынша ең жоғары балл жинаған әскери қызметшілердің тізімдік құрамының 15%-ы кіреді.

Қорытынды (бақылау) тексеру аяқталғаннан кейін әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері 10 жұмыс күні ішінде команда бойынша ӨңҚ ӘҚБ-да (әскер тегінде), ҚК түрлерінде тиісті қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызмет сарбаздарына қорытынды рейтингтің жиынтық ведомосын жолдайды.

ӨңҚ ӘҚБ (әскер тегі), ҚК түрлері үш күн мерзімде өз бағыттары бойынша жиынтық нәтижелерді ҚР ҚМ Әскери білім және ғылым департаментіне (Б қосымшасы) жолдайды.

Қорытынды рейтингінің жиынтық ведомосына барлық іріктеу өлшемшарттары бойынша (жауынгерлік даярлық, жеке тәртібі, тәуліктік нарядта қызмет өткеру барысында арнайы міндеттерді толық орындауы, психологиялық жай-күйін бағалау) ең жоғары балл алған әскери қызметшілердің тізімдік құрамының 15%-і кіреді.

Жиынтық ведомоста мыналар көрсетіледі:

- 1) жауынгерлік даярлық бағдарламаларын меңгеру деңгейінің қорытынды балы;
- 2) жеке тәртібінің қорытынды балы;
- 3) тәуліктік нарядта қызмет өткеру барысында арнайы міндеттерді толық орындағаны үшін қорытынды балл;
- 4) психологиялық жай-күйді қорытынды бағалау;
- 5) әскери қызметшінің қорытынды рейтингі (бағалаудың 4 өлшемшарты бойынша орташа арифметикалық баллды шығару жолымен есептеледі) (В қосымшасы);
- 6) таңдалған мамандық және 3 ЖОО-ның атауы (жыл сайын айқындалатын тізбеге сәйкес), оның ішінде әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген адамдар ЖОО-ның атауын және қалаған мамандығын көрсетеді.

5.10. Әскери білім және ғылым департаменті іріктеу нәтижесін алғаннан кейін үш күн мерзімде бағалау көрсеткіштері нәтижесін жалпы жинақтайды және ҚР ҚК үшін ең жоғары бағалау көрсеткішінен ең төменгі бағалау көрсеткішіне дейінгі рейтингті жасайды және ЖОО мен мамандықтар бойынша бөледі.

5.11. Азаматтарды ЖОО-лар бойынша бөлу үшін кемінде жеті адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссия құрамына ӘБҒД, ҚД, ЖДД, ТИЖД, ҰЖЖД, ӘПББ, әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі қызмет өкілдері кіреді. Комиссия құрамы ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығымен бекітіледі, комиссия төрағасы болып ҚР ҚМ орынбасарларының бірі тағайындалады.

Комиссиялардың құрамы туралы бұйрық жыл сайын 1 сәуірге дейін және 1 қазанға дейін бекітіледі. Комиссия отырыстары бақылау және қорытынды тексеру жүргізілгеннен кейін жылына екі рет, мерзімді әскери қызмет сарбаздарының күзгі және көктемгі шығарылымы кезеңінде (мамырда және қарашада) өткізіледі.

5.12. Комиссия ӘБҒД жиынтық нәтижені жасағаннан кейін үш күн мерзімде әрбір әскери қызметшінің жеке рейтингісі мен оның ниетін, тегін білім алуға квотаны ескеріп, орындарды бөледі.

Әскери қызметшілердің балаларының Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ЖОО-ларына оқуға түсуге басым құқығы бар.

5.13. Нәтижелерді комиссия бекітеді және жұмыс аяқталғаннан кейін 5 күн мерзімде ҚР ҚМ-ның ресми сайтында жарияланады және жазбаша түрде ҰЖЖД-ға, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына, ҚР ҚМ жоғары оқу орындарына және әскери бөлім командирлерінің атына жолданады.

5.14. Ресми сайтта жарияланған нәтижелер ЖОО есебінен жоғары оқу орындарына түсу және ҚР ҚМ әскери оқу орындарына түсу үшін ұсыным болып табылады.

6. Әскери қызметшілердің тегін білім алу конкурсына қатысу тәртібі

6.1. Жалпы орта білімі туралы аттестаты немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар мерзімді әскери қызметтің барлық әскери қызметшілерінің тегін білім алуға конкурсқа қатысуға құқығы бар.

6.2. Конкурстық іріктеуге қатысуға ниет білдірмеген адамдардың қатысудан өз еркімен бас тартуға құқығы бар.

6.3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әскери қызметшілер қажетті үш мамандық пен ЖОО-ны көрсете отырып, командирдің атына баянат жазады.

6.4. Қорытынды (бақылау) тексеру тапсырған сәтте белгіленген мерзімде қызмет өткерген әскери қызметшілердің одан әрі конкурстық іріктеуге қатысу үшін тексеруді толық көлемде тапсыруға құқығы бар.

6.5. Әскери қызметшілердің мынадай санаттары одан әрі конкурсқа қатысуға жіберілмейді:

1) жауынгерлік даярлық сабақтарында қаза табуға немесе жарақаттануға әкеп соқтырған қауіпсіздік шараларын бұзуға жол берген;

2) әкімшілік жауаптылыққа тартылған, елеулі тәртіптік теріс қылық жасаған;

3) тәуліктік нарядта қызмет өткеру кезінде елеулі бұзушылық жасаған (ауыр салдарға әкеп соқтырған қауіпсіздік шараларын бұзу, шартты миналаумен диверсанттардың кіруіне жол беру, жарғылық өзара қарым-қатынас қағидаларын бұзу, алкогольдік немесе өзге де масаң күйде болу, қару мен оқ-дәрілерді ұрлау);

4) өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін жасаған.

6.6. Егер әскери қызметшіден барлық жазалар алынғаннан кейін, ол оларды үш ай ішінде қайталамаған жағдайда, ол конкурсқа жіберіледі.

6.7. Конкурстық іріктеуге қатысуға жіберілмеген (бұрын қандай да бір бұзушылық пен теріс қылық жасаған) адамдар әскери борышын орындау кезінде танытқан ерлігі мен батырлығы және басқа да айрықша еңбегі, жауынгерлік даярлықтағы жоғары көрсеткіштері, қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерін үздік меңгергені үшін ҚР ҚМ басшылығының шешімімен конкурсқа қайта қатысу құқығына ие болады.

6.8. Рейтинг нәтижесімен келіспеген әскери қызметшілер апелляция жүргізу және объективті баға беру үшін саты бойынша жазбаша түрде жүгінуге құқылы.

7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендету

7.1. Инспекторлық, жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізу кезеңінде бақылауды және бағалаудың объективтілігін ұйымдастыру үшін бағынысты әскери бөлімдердің басқару органдары мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерімен ішінара жеке әңгімелесу жолымен ЖОО-ларға оқуға түсу үшін әскери қызметшілерді іріктеу жөніндегі бөлім қолбасшылығының жұмысын ұйымдастыру бойынша жұмысты ұйымдастырады.

7.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін төмендету мақсатында әскери регламентте мыналар көзделген:

ҚМ ҰСТ 032-001-2022

1) әрбір сарбазға ай сайын жеке рейтинг жасау және оны бөлімшелер орналасқан жерде жария ету;

2) рейтингті әскери басқару органдарының мекенжайына (ӨңК, әскер тектері, ҚК түрлері) тоқсан сайын жолдау;

3) жоғары тұрған басқару органдарының әскери бөлімдерді жоспарлы тексеруі барысында мерзімді қызмет әскери қызметшілерін бағалаудың объективтілігін қосымша бақылау.

А қосымшасы (міндетті)

Бір айдағы ағымдағы бағалар

Р/с №	Тегі, инициалдары	Оқу пәндері бойынша ағымдағы бағалар													Бір айдағы орташа балл
		МКД	Тактикалық даярлық	Барлау даярлығы	Оқ ату даярлығы	Техникалық даярлық	Көлік жүргізу	РХБ қорғау	Инженерлік даярлық	Байланыс бойынша даярлық	Саптық даярлық	Жалпыәскери жарғылар	Дене шынықтыру дайындығы	Әскери-медициналық даярлық	
1	Н.К. Қозыбаев	4	4	3	4	4	-	5	5	4	4	4	5	4	4
2	А.Р. Елішев	5	3	4	3	4	5	4	4	4	3	4	4	4	3

Бір жылдағы ағымдағы бағалар

Р/с №	Тегі, инициалдары	Оқу пәндері бойынша ағымдағы баға								Ағымдағы рейтингінің қорытынды балы
		Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	
1	Н.К. Қозыбаев	4,166	4,231	4,022	4,355	4,236	4,544	4,325	4,213	4,261
2	А.Р. Елішев	3,923	4,001	4,236	4,012	4,301	4,120	4,210	4,258	4,132

Жауынгерлік даярлық үшін қорытынды рейтингі

Р/с №	Тегі, инициалдары	Ағымдағы рейтингінің қорытынды балы	Бақылау тексерудің қорытынды балы	Қорытынды тексерудің қорытынды балы	Жауынгерлік даярлық үшін орташа баға
1	Н.К. Қозыбаев	4	4	3,5	13,5x0,4
2	А.Р. Елішев	4			

Б қосымшасы (міндетті)

Қорытынды рейтингі

Р/с №	Тегі, инициалдары	Жауынгерлік даярлық үшін орташа баға	Әскери тәртіп	Арнайы міндеттерді толық орындау	Психологиялық жай-күйді бағалау	Қорытынды рейтингі
1	Н.К. Қозыбаев	13,5х0,4	5х0,25		4	
2	А.Р. Елішев					

В қосымшасы (міндетті)

Әскери қызметшінің қорытынды рейтингі

Р/с №	Іріктеу кезеңінің атауы	Баға балмен	Салмақ коэффициенті
1	Жауынгерлік даярлық (ЖД) бағдарламасын меңгеру деңгейі	0-15	0,4
2	Жеке тәртіп (ЖТ)	0-5	0,25
3	Тәуліктік нарядта (ТН) қызмет өткеру барысында арнайы міндеттерді толық орындау	0-5	0,25
4	Психологиялық жай-күйді бағалау (ПЖ)	0-5	0,1

Қорытынды рейтингтік балл әрбір әскери қызметшіге іріктеу кезеңі үшін алынған бағаны және оған сәйкес салмақ коэффициентіне қосу арқылы есептеледі:

$$ҚР = (0,4 * ЖД) + (0,25 * ЖТ) + (0,25 * ТН) + (0,1 * ПЖ) * 100$$

Рейтингтік балл бойынша оқуға түсушілердің тізімі ең жоғары балдан ең төменгі балға қарай тәртібімен жасалады.

Негізгі сөздер: мерзімді әскери қызмет әскери қызметшісі, қорытынды (бақылау) тексеру, конкурс, өлшемшарттар, жеңілдіктер, білім, регламент, ұсыным, рейтинг, әңгімелесу, тәуліктік наряд.
